

Кенес: "Баланызды жаман әдеттерден сақтаныз"

Сәбидің тәтті қылыңы, былдыры, тәй-тәй басқаны... Осының бәрі ата-ана үшін керемет бір бакытқа бөлейтін сәттер екені даусыз. Дегенмен, уақыт өте келе кішкентай ғана тәтті баланыздың сізге мінез көрсетуі жиілеп кетуі бек мүмкін, тіпті бұзықтығы мен қынбырлығы шектен шығып жатса ше? Кеше ғана көз сүйінішіңіз болған перзентіңіз, күйінішіңізге айнала бастағаны ма? Ал, осының себебі неде? Кейде ата-аналар, әсіресе, жастар жағы «өзінің мінезі қыныр, туғаннан сондай, осы кеткеннен кеткен, бұған дауа жоқ» деп мәселеден оңай жолмен құтылғысы келеді. Тіпті, кейбірі өзінің ұнаптайтын туысына ұқсатып, соған тартып кеткен ғой деп жатады. Кей шаңырақта ата-әже, әке-шеше бір-бірілерін кінәлап, ұрыс-керіске ұласып кететіні де бар. Ендеше, баланы қалай жөнге саламыз? Көп жағдайда ата-аналар үлкендерін ұмыт қалдырып, кенжелеріне немесе өзіне ұқсайтындарына, алғырларына көбірек назарларын аударатынын байқамай қалады. Балаларыңыздың бірін еркелетсеңіз, қалғандарын да ескеріңіз. Үлкенін кішісіне қамқорлық жасауға, кішісін үлкенін сыйлауға үйретіңіз. Бүтінде заманауи психологтар жеткілікті назар аудармау мен немқұрайлылықты бала мінезін бұзатын ең негізгі себептердің бірі деп қорытынды шығарды. Мүмкіндігінше, көп балалы отбасы болуға тырысыңыздар, перзенттеріңіз көпшіл болады. Баланыздың кіммен ойнағанда қатты қуанатынын білесіз бе? Ол үшін ең үлкен сыйлық – әке-шешесімен бірге ойнау, серуендеу. Осыны әркез еске сақтаңыз. Пайдасы аз қымбат гаджеттер баланыздың денсаулығына да, ақ парактай жанына да зиян әкелуі мүмкін. Оны жарнааманың құлына айналдырмаңыз. Дүние қызығын қуып жүріп, баланыздың қызығына зар болып қалмаңыз. Ұмытпаңыз, уақыт қайта айналып келмейді. Өскенде ол сізді дұрыс тәрбие бермедің деп жазғырмайтын болсын! Бала – ата-ананың айнасы. Демек, жаман бала жаман ата-анадан шығады деп кесіп айтпасак та, ата-ананың балаға деген немқұрайлылығы оның мінезін бұзады. Баланы кінәлаудан бұрын кемшілікті өзіңізден іздеп көріңіз. Сіз оған қаншалықты көңіл бөліп жүрсіз? Қанша уақытыңызды арнадыңыз? Өзіңіз ата-ананызды құрметтейсіз бе? Ғибадатыңыз мен амалыңызға мұқиятсыз ба? Теріс әдеттерден аулақсыз ба? Сізге ешкім жақсы баласын бермейді, ешқашан баланызды көпшіліктің алдында жамандамаңыз. Баланы белгілі бір жетістікке жеткені үшін, дара, дана, зерек болғаны үшін емес, Алланың сыйы ретінде

Әңгіме: "Ойыншықтың бала өміріндегі маңызы"

Ойыншық — әдейі балалар ойынына арналып жасалған зат. Ойыншықты пайдалану баланың ой-өрісін кеңейтуге онда бейнеленген заттармен өмір құбылыстарына деген ықылас тәрбиелеуге көмектеседі. Ойыншықтармен ойналатын бірлескен ойындарда балалардың өзара достық қарым-

Ойыншық-былай алғанда нәзік зат. Оның өмірі де қысқа. Сол себептен ойыншықтың пайда болған уақытын анықтау өте қиын. Ойыншықтар балаларға деген сүйіспеншілікті, оларды қуантуға, алдандыруға бірдеңені үйретуге деген ықыласты бейнелейді. Ойыншық адам еңбегінің сипатты белгілерін табиғатқа деген сүйіспеншілікті, табиғатты тануды, жануарлардың, құстардың ерекшеліктерімен мінез-қылықтарын белгілейді. Біздің елімізде ойыншық жасау мемлекеттік іс болып табылады. Ойыншық тақырыптарына талдау жасау, оларды көркемдеу, балалардың психологиясын, ойыншықтың баланы тәрбиелеуші және дамытуды ықпалын ескере отырып, ғылыми негізде жүргізіледі. Ойыншық икемді болуға балалардың алуан түрлі ерекеттер жасауына мүмкіндік беретіндей болуға тиіс. Ойыншықтарға қойылатын гигиеналық талаптар оларды пайдаланудың қауіпсіз болуын көздейді. Олар берік қауіпсіз баяулармен сырланады. Гигиеналық өңдеуге жууға, дезинфекцияланған ерітіндімен сүртуге, үтектеуге оңай болуы керек. Ойыншықтың ең айқын көрінісі оның обрызы. Яғни баланы тартатын нәрсе: ойыншық қуыршақ, аңдар, үйі жануарлары, машиналар, ыдыс-аяқ мебель. Обрызды ойыншықтардың үлкен тобын құрайтында осы ойыншықтар.

Сюжетті-образды ойыншықтар тобында орталық орынды қуыршақ алады. Ойын кезінде балалар қуыршаққа жан бітіргендей болады, онымен сөйлеседі, өзінің сырын, қуанышын айтады, оған камкорлық жасайды. Қуыршаққа жан бітіретін себебі - ойынның ақиқатына сенеді. Ойыннан тыс мезгілде олар, әрине қуыршақтың тірі емес, ойыншық екенін біледі. Қуыршақтар әр түрлі болады, көбінесе олар балаларды бейнелейді. Балалар бақшасында түрлі мамандықтың, түрлі ұлттың ересек адамдарын бейнелейтін қуыршақтар да болуға тиіс. Аңдарды, үй жануарларын бейнелейтін ойыншықтар да сюжетті-образды ойыншықтарға жатады. Сәбилердің сүйікті ойыншығы — мейхан, пүліштен жасалған